

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ



Профессор С.М. Жақыповтың
туғанына 65-жыл толуына арналған
**«ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
БАСТАУЫНАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ДЕЙІН»**
атты Халықаралық ғылыми конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
международной научной конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПСИХОЛОГИИ:
ОТ ИСТОКОВ К СОВРЕМЕННОСТИ»**,
посвященной 65-летию со дня рождения
профессора С.М. Джакупова

MATERIALS
of International Scientific Conference
**"CONTEMPORARY ISSUES OF PSYCHOLOGY:
FROM THE BEGINNINGS TO MODERNITY"**,
dedicated to the 65th anniversary of
Professor S.M. Dzhakupov

Алматы
29 сәуір 2015 ж.

ДАМЫТУ.....	74
<i>Измагамбетова Р.М., Елдеспаева Г.А.</i> ОСОБЕННОСТИ ПРОЯВЛЕНИЯ ЧУВСТВА ОДИНОЧЕСТВА У ПОДРОСТКОВ.....	78
<i>Камзанова А.Т., Жолдасова М.К., Лиясова А.А.</i> ГУМАНИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В ВУЗЕ ПОСРЕДСТВОМ ГЕШТАЛТ-ТЕХНОЛОГИЙ.....	81
<i>Кудайбергенова Г.К., Кудайбергенова С.К.</i> КОРРЕКЦИОННАЯ РАБОТА С АГРЕССИВНЫМИ ДЕТЬМИ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА.....	85
<i>Надырбекова Э.А., Керимбекова Г., Молдабек Г.</i> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ.....	89
<i>Таумишева Р.Е., Байкелова Б.Ә.</i> АНАЛИЗ ПРОБЛЕМ АДАПТАЦИИ ШКОЛЬНИКОВ СРЕДНЕГО ЗВЕНА.....	92
<i>А., Кальмбетова Э.К.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА ЖӘНЕ КІШІ БИЗНЕСТІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	95
<i>Стыбаева А.Ш., Оралымбетова Г.Ү., Байдалиева А.М.</i> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ САНА СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	101
<i>Утеуова А.А., Исабаева С.Б.</i> ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СУИЦИДАЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ.....	104

3 Секция ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ: МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТҰЛҒАНЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

33

Секция 3 СОЦИАЛЬНАЯ ПСИХОЛОГИЯ: ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КУЛЬТУРЫ И ЛИЧНОСТИ

<i>Абдрашитова Т.А., Абрелева М.М.</i> ПРОФАЙЛИНГ КАК ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ АНТИТЕРРОРИСТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....	107
<i>Ермистая К.С., Кальмбетова Э.К.</i> ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	109
<i>Ахметжанова М.Б., Есмуратова А.</i> ЖАСӨСПІРІМДІК ШАҚТАҒЫ ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢАУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	114
<i>Аяганова А.Ж., Дильманова Г.</i> ЖАСТАРДЫҢ АТОДЕСТРУКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	117
<i>Аяганова А.Ж., Жалтырова А.</i> ЖАСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӨНІ.....	122
<i>Бекова Ж.К.</i> ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЙ ПОДХОД СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ АДАПТАЦИИ ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ.....	124
<i>Бердібаева С.К., Гарбер А.И., Тахиева Ф., Садыкова Н.М., Байтөлепова Е.</i> ШЕТ ЕЛДЕ ТҰРАТЫН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАҒДАРЛАНУЫН ЗЕРТТЕУ.....	128
<i>Герасимова В.В.</i> АГРЕССИЯ КАК ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕФОРМАЦИЯ ЛИЧНОСТИ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ.....	132
<i>Романова Н.М., Бердібаева С.К., Тахиева Ф., Файзулина А.К.</i> ГЕНДЕРНЫЕ И ВОЗРАСТНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ В СТРУКТУРЕ ВОВЛЕЧЕНИЯ ПОДРОСТКА В КРИМИНАЛЬНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ.....	134
<i>Джеумажанова Г.К., Дакина Г.Т.</i> СТУДЕНТТЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ СФЕРАСЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ.....	138
<i>Бердібаева С.К., Дүйсенбеков Д.Д.</i> ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ.....	142
<i>Каденова З.А.</i> ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ ТҰЛҒА ДАМУЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	144
<i>Карабалина А.А., Жиенбаева Б.Б.</i> СОЦИАЛЬНЫЕ МЕХАНИЗМЫ ЯЗЫКОВОЙ КОММУНИКАЦИИ.....	147

ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: БАСТАУЫНАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ДЕЙІН

<i>Кудайбергенова С.К., Садықова Н.М.</i> ТҮЛҒАНЫҢ ӨЗІНДІК АНЫҚТАУЫ ӘЛЕУМЕТТЕНУДІҢ ӨРІСІНДЕ.....	150
<i>Мадалиева З.Б., Бейсеубаева Р.А.</i> ОБ ОСОБЕННОСТЯХ ПРОЯВЛЕНИЯ ПОТРЕБНОСТНО-МОТИВАЦИОННОЙ СФЕРЫ ЛИЧНОСТИ ПРИ КОМПЬЮТЕРНОЙ АДДИКЦИИ.....	154
<i>Мандыкаева А.Р., Байсарина С.С., Садембай Н.А.</i> ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ БАЛАЛАР ҮЙІНДЕГІ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ЖАҒДАЙЛАРЫ.....	157
<i>Мандыкаева А.Р., Оңайғалиева А.Р., Давлетова Ш.</i> АТА-АНА МЕН ЖЕТКІНШЕК АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	162
<i>Надырбекова Э.А., Аманулла А., Қожанова А.</i> БАЛАЛАРДАҒЫ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ КӨРІНҮГІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР.....	166
<i>Надырбекова Э.А., Қожанова А., Аманулла А.</i> ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫДАН ШЫҚҚАН ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	170
<i>Надырбекова Э.А., Молдабек Г., Керімбекова Г.</i> ИНТЕРНЕТКЕ ТӘУЕЛДІЛІК ТАНЫТАТЫН ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНА ӘСЕРІ.....	174
<i>Тұрғыбаева А., Жолдасова М.К.</i> ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА ЗЕЙІН ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	178
<i>Сәкенбай Ф., Қалымбетова Э.К., Төлегенова А.А., Ман С.Chung, Баймолдина Л.О.</i> КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРҒА ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	181
<i>Тәттідинова Б., Жұбаназарова Н.С.</i> СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЭМОЦИЈАЛЫҚ КҰЗІРЕТТІЛІКТЕРДІҢ ДАМУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЈАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	185
<i>Рәйісбек Е.Н., Талдыбекова Ә.А.</i> ТҮЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУГІНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЫҚПАЛЫ	187
<i>Сабыржанкызы Ж., Алдажарова М.А.</i> ЛИЧНОСТНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПОДРОСТКОВ С ДЕЗАДАПТИВНЫМ ПОВЕДЕНИЕМ.....	190
<i>Сарсенбаева Б.Г., Махметова Н.К., Рахимжанова А.Б.</i> ВЗАИМОСВЯЗЬ СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ АДАПТАЦИИ СТУДЕНТОВ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ.....	193
<i>Тахиева Ф.А., Беркімбаев Р.М., Токтарбай А.С.</i> ИЗУЧЕНИЕ РОЛИ СОЦИАЛЬНО О ОПЫТА ПРОЖИВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН КАК ФАКТОРА ФОРМИРОВАНИЯ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ У ПЕИЦЕВ- ПЕРЕСЕЛЕНЦЕВ.....	197
<i>Төлебекова Г., Кабакова М.П., Ман С.Chung</i> ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ПОСТТРАВМАТИЧЕСКИЙ РОСТ.....	204
<i>Сулейменов С.А.</i> СОЦИАЛЬНО – ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ОСУЖДЕННЫХ В ПЕНИТЕНЦИАРНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ.....	207
<i>Тилеубаева М.С., Қалымбетова Э.К., Кабакова М.П.</i> М. МАҚАТАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДАРЫНДЫЛЫҚ ФЕНОМЕНІНІҢ ПСИХОЛОГИЈАЛЫҚ КҰРЫЛЫМЫ МЕН СИПАТЫ.....	210
<i>Тоқсанбаева Н.К., Мамдилова А., Масұзақова С., Тұрғынбек Е.</i> ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛЕУ СТИЛІ МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МІНЕЗ- ҚҰЛЫҚ АҚЦЕНТУАЦИЯСЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ	215
<i>Төлегенова А.А., Есакулов М.С.</i> К ВОПРОСУ ОБ ЭМОЦИОНАЛЬНОСТИ В СТРУКТУРЕ ЛИЧНОСТИ.....	219
<i>Турсунгожинова Г.С.</i> СУИЦИДАЛЬНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ПОДРОСТКОВОГО ВОЗРАСТА.....	224

ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: БАСТАУЫНАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА

2. Головин Н.А. Социологическая теория как часть социальной системы // Социальные системы. Санкт-Петербург: Наука, 2007. - 642 с.
3. Алпатов В.М. История лингвистических учений. М.: Языки славянской культуры, 2005. - 286 с.
4. Луман Н. Социальные системы. Санкт-Петербург: Наука, 2007. - 642 с.
5. Самбукина Н.В. Психология профессиональной деятельности. - М.: Наука, 2003-210 с.
6. Соколов А.В. Общая теория социальной коммуникации. СПб., 2002. - 344с.

Ақпараттық технологияның екпінді дамуы, айрықша интернет, оның әсерін коммуникацияларға және тілдік үдерістерге шарттайды.

Swift development of information technologies, especially the Internet, stipulates the necessity of study of their affecting social communications and on language processes.

С.К. Құдайбергенова
Н.М. Сабыкова

ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗІНДІК АНЫҚТАУЫ ӘЛЕУМЕТТЕНУДІҢ ӨРІСІНДЕ

«Әлеуметтену» термині кең таралғандығына қарамастан, психология өкілдерінің арасында біржақты талқылауға жатпайды. Отандық психологияда «әлеуметтену» сөзіне синоним ретінде «тұлғаның дамуы» және «өсіп жетілуі» терминдері пайдаланылады.

Әлеуметтенудің мәнін анықтай отырып, былай нақтылауға болады: әлеуметтену – бұл екі жақты процесс, біріншіден индивидтің әлеуметтік ортаға, әлеуметтік байланыс жүйесіне әлеуметтік тәжірибе арқылы енуі, ал екінші жағынан, индивидтің әлеуметтік байланыс жүйесіне өзінің белсенді іс-әрекеті арқылы белсенді өндіру процесі, әлеуметтік ортаға белсенді енуі болып табылады.

Әлеуметтенудің бірінші жағы - әлеуметтік тәжірибені игеру – бұл адамға ортаның қалай әсер ететіні туралы сипаттамасы, ал екінші жағы адамның ортаға іс-әрекеті арқылы әсер ету сәтін сипаттайды. Іс-әрекетке тиістісі, индивид әлеуметтенудің барысында іс-әрекет «каталогының» кеңейтумен айналысады, яғни барлық жаңа түрлерін игереді. Сонымен қатар, әлеуметтену төтенше маңызды процесіне өтеді. Өрбір іс-әрекетке тән және олардың әртүрлі түрлерінің арасындағы байланыс жүйесіне бағдарда көрінеді. Ол тұлғаның мағына арқылы жүзеге асады.

Әлеуметтену процесі адамдардың қарым-қатынасы және бірлескен іс-әрекетімен тығыз байланысты. Әлеуметтік тәжірибені меңгеру субъективті: бірдей әлеуметтік жағдайлар әр түрлі болып қабылдауы мүмкін. Түрлі тұлғалар объективті бірдей жағдайлардан сан алуан әлеуметтік тәжірибе алады, бұл жеке даралық процесінің негізі болып табылады [1,2].

Психологияда әлеуметтену біріншілік және екіншілік деп ажыратылады. Екіншілік әлеуметтену еңбекті бөлісумен және оған сай білімнің таратылуымен байланысты. Адам еңбек етудегі өзінің рөлін түсіне бастайды. Б.Г. Ананьевтің тұжырымдамасы бойынша, әлеуметтену екі бағыты бар процесс ретінде қарастырылып, адамның тұлға, әрекет субъектісі ретінде қалыптасуын білдіреді [10]. Мұндай әлеуметтенудің соңғы мақсаты – жеке даралықты қалыптастыру. Бұл жерде жеке даралық деп нақты тұлғаның даму процесін айтуымызға болады.

Отандық әлеуметтік психологияда Б.Д. Парыгин ұсынған әлеуметтенудің тар және кең мағынасы бар. Әлеуметтену тар мағынада - әлеуметтік ортаға ену процесі, соған бейімделу, ал кең түрде – тарихи процесс, филогенез деп қарастырады [3].

ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: БАСТАУЫНАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ДЕЙІН

Қалыптасқан дәстүрге сәйкес, әлеуметтену келесі құрылымға ие болады: 1) мазмұны (әлеуметтену көзқарасы бойынша негативті тәжірибеге бейімделу); 2) кендігі, яғни тұлғаның бейімделу мүмкіндік сферасының саны. Сонымен қатар, әлеуметтенудің механизмі, әлеуметтік институттар, факторлар және кезеңдер сияқты сипаттамаларын бөлуге болады.

Тұлғаның әлеуметтену теориясын өңдеуде Г. Тард, Т. Парсонс және т.б. зерттеушілер айналысты. Соның ішінде, Г. Тард теориясының негізіне еліктеу принципі жатқызды, ол «оқытушы-оқушы» қатынасына әлеуметтік жүріс-тұрыс моделін, яғни әлеуметтенуді ұсынды. Т. Парсонс еңбектерінде әлеуметтену процесі өзгеше түсіндіріледі. Ғалымның айтуынша, индивид өзін маңызды құндылықтармен араласа отырып, олардан өзіне қажетін тандайды.

Психологиялық көзқарас бойынша, индивидтің әлеуметтену процесі, ең алдымен, оның жақын ортаның жағдайында, адамның тұқым қуалаушылық негізінде иеленген қасиеттері, яғни күрделі жағдайларда жүзеге асатын индивидтік (индивидуалды) биологиялық шарттыланған бейімделу процесі деп қарастырады С.М. Жакыпов [4].

Тұлғалық өзіндік анықтау әлеуметтік қатынастар жүйесінде белгілі бір деңгейге жету үшін тұлғалық мәнді бағдарлы ұсынады, яғни әлеуметтік өзіндік анықтауды береді. Арнайы кәсіби салаға әлеуметтік өзіндік анықтау негізінде талаптар жасалынады, кәсіби өзіндік анықтау жүзеге асады. Кәсіби өзіндік анықтау - өмірдің барысын ары қарай өзгертетін оқиға, сондай-ақ ол оның кәсіби құрылымына ғана әсер етпейді. Ол келешегіне көштеген мәнді әсер етеді, материалдық жағдайына және психологиялық үйлесімділігіне, өзіндік бағалау мен бір-бірімен өзара қатынаста, өмірлік образдарға мектептен кейінгі тандаған кәсіптің әсері болмайды деп айту қиын, соның ішіндегі оның ең маңызды образдар деп айтуға болады.

Тұлға дамуының мәселелерін қарастырған авторлар адам дамуының парты болып табылатын себептерді анықтауға тырысады. Көптеген зерттеушілердің ойынша, тұлға дамуының қозғаушы күші - түрлі қажеттіліктердің кешені болып табылады. Олардың ішіндегі маңызды орын алатыны - өзін-өзі дамыту қажеттілігі. Бірақ ол қол жетпес идеяға ұмтылу деген сөз емес, тұлға үшін нақты мақсатқа жету немесе белгілі бір әлеуметтік статуска ие болу маңыздырақ.

Б.Ф. Ломовтың айтуынша тұлғаны психологиялық зерттеу үшін тұлғаның өмірлік іс-әрекетінің деңгейінде қоғамдық қатынастардың қалай жүзеге асатынын түсіну маңызды.

Әлеуметтік процестерге ене отырып, тұлға өзінің жеке өмірінің жағдайын сол қоғамдағы өзгерістерге байланысты өзгертеді. Ол қоғамдық қатынастарға араласа отырып, солармен қоса өзінің жеке өмірінің мәнін белсенді анықтайды және өзгертеді. Басқаша айтқанда, тұлғаның өзіндік анықтауының және өзінің өмірлік іс-әрекетінің саналы реттелуінің негізгі шарты оның қоғамдық белсенділігі болып табылады.

Қоғамда индивидтің тұлға ретінде дамуы күрделі, жүйелі детерминациямен қамтамасыз етіледі. Осы даму арқылы екі процесс бір-бірімен үйлеседі. Бір жағынан, тұлға қоғамдық қатынастар жүйесіне толығымен тереңірек енеді, яғни оның адамдармен және қоғамдық өмірдегі басқа сферамен байланысы кеңейеді және тереңдейді және тек солардың арқасында ол қоғамдық тәжірибеге ие болады, оны иемденеді, өзінің игілігіне айналдырады. Тұлғаның дамуының бұл жағы оның әлеуметтенуі ретінде жиі анықталынады. Ал екінші жағынан, қоғам өмірінің әртүрлі сферасында араласа отырып, тұлға өзіне дербестікті, автономдықты иеленеді, яғни қоғамдық даму барысында тұлға өзіне жеке дербестіктің процесін нақтылайды. Жеке дербестік (индивидуализация) - бұл адамның қоғамдағы дамуының негізгі құбылысы. Оның белгілерінің (көрсеткіштерінің) бірі әрбір тұлғада оның өзінің жеке айрықша өмірлік бейнесі және жеке ішкі әлемі қалыптасады.

Өзіндік анықтау - күрделі әлеуметтік-психологиялық ұғым. Ол өмірде өзіндік анықтауды білдіреді, адамның алдында өзін жүзеге асырудың түрлі мүмкіндіктерін ұсынады, яғни өмірдегі өз жолыңды таңдау еркіндігі. Бірақ, Е.А. Климов «өзіндік анықтау» түсінігінің өзін «шек» мағынасы және оны өзінде өткізу, яғни шектер, шектеулер өзіндік шектеу ретінде ұғынылуы мүмкін, өзің үшін шек пен шекараны құру. Бұл жерде ең бастысы, адам өзінің өмірлік таңдауындағы мақсатқа сәйкестілікті, мүмкіндіктерін және шектеулерін өзі қалай

ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: БАСТАУЫНАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ДЕЙІН

түсінп анықтайтынында. Осының өзінде-ақ таңдау тұр, бірақ позитивті жүзеге асуы тұлғаның белгілі бір даму деңгейін қажет етеді. Л.И. Божович тұлғаның дамуы үшін өзіндік анықтаудың маңыздылығын атап көрсете отырып, сонымен қатар оны болашақ жолды жеке таңдау әрі өзінің орнында еңбекте, қоғамда, өмірде табу қажеттілігі ретінде анықтайды.

Келесі мәселе - тұлға қасиеттерінің тұрақтылық дәрежесі. Көптеген тұлға теорияларының негізіндегі тұжырым - тұлға әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде негізгі көріністердегі тұрақты құрылым деп көрсетеді. Тұлға қасиеттерінің тұрақтылық дәрежесі әрекеттердің бірізділігін, жүріс-тұрысты болжау мүмкіндігін анықтап, оның қадамдарына заңды сипат береді.

Тұлғалық өзіндік анықтау әлеуметтік қатынастар жүйесінде белгілі бір деңгейде тұлғалық мәнді бағдарға жетуді, яғни әлеуметтік өзіндік анықтауды қамтиды. Әлеуметтік өзіндік анықтау негізінде белгілі бір кәсіби саладағы талаптар өңделінеді және кәсіби өзіндік анықтау жүзеге асады.

В.И. Лебедеваның пікірінше, өзіндік анықтаулар тұлғалардың жан-жақты дамуының позицияларын қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларымен қатысты тұтастай зерттеуді қажет ететінін атап көрсетеді. Оған кіретін экономикалық, әлеуметтік-саяси, рухани және отбасы-тұрмыстық өрістерді айту орынды. Адамның өмірлік өзіндік анықталу кезеңі тұлғалық құндылықтарды таңдау қажеттілігімен сипатталады және оның өндірістік, әлеуметтік қатынастар жүйесіне кіруімен байланысты, яғни мамандық таңдау, қоғамдық-саяси өмірде өзін танып-білу, өнегелі құндылықтарға қатысты позицияларын анықтау мәселелерімен сабақтасып жатады [6].

Субъектінің тұлғалық өзіндік реттелуінің айырмашылығы ол әлеуметтік қажеттілік аясындағы мақсаттар мен өзара қатынастарға сай, ол ең бастысы өзіне және басқаларға деген қарым-қатынасын жаңарту мен дамытуға бағытталған. Тұлғалық өзіндік реттеу процесінің басты айырмашылығы ретінде оның өзіндік детерминациясы саналады. Б.Ф. Ломов дәл осы ерекшелікті бөліп көрсеткен, ол онда тұлғалық өзіндік реттеудің жоғарғы деңгейі мен мінез-құлпты анықтайтын тәуелділік себептерін көрсеткен. Бұл жерде өзіндік детерминация өз мінез-құлпқын өз бетімен реттеу болып табылмайды, онда ең бастысы – ол саналы түрде өз өмірлік әрекеттерін құру және жалпы өмірде өзін анықтау болып табылады.

Л.Н. Каган өзіндік анықтаудың нәтижесі және шартының бірі ретінде өмір мағынасының қалыптасуын қарастыруды ұсынады. Өмірдің мағынасында ол барлық өмірлік іс-әрекет бағыттылығының топтастырылуымен түсінеді, яғни өмірдің басты мақсаты туралы белгілі бір түсінік ретінде субъективті түрде жүзеге асады. Ал объективті түрде өмірдің басты мақсаттарының өмірлік іс-әрекеттерінің барлық түрлерінде шынайы бағыныптылыққа пайда болады [7].

Т.В. Сычева зерттеулерінде тұлғалық қайта құрылу сипатындағы тұлғалық өзіндік анықтаудың детерминациялаушы процесі ретінде өмірлік ұстаным болжамдалады. Тұлғалық өзіндік анықтауын қарастыруда оның күрделі жағдайды таңдауға дайындығы қарастырылады. Жас ұрпақ дербес өз бетінше таңдау жасауға тиіс; қоғамдық-тарихи тәжірибеге толығымен творчестволық енуге мүмкіндік беретін, яғни нақты тарихи жағдайда өзін қоғамның индивиді ретінде анықтау. Мұның барлығы қабілеттік және қызығушылықпен қоса, белсенді өмірлік ұстанымның қалыптасуы болмақ. Өмірлік ұстанымның арқасында субъект өзінің іс-әрекетінің жалпы принциптері мен критерийлерін шешеді, өзіндік анықталу туралы сұрақтарды шешу өмірлік ұстанымның ерекше ұстанымы болып табылады.

Тұлға мен әлеуметтік қоршаған ортаның өзара әрекеттестігі барысында жүзеге асатын өзіндік анықтауды индивидтің әлеуметтенуінің белгілі бір кезеңі деп қарастыруға болады. Осы ұстаным өзіндік анықтау құбылысына алып келеді. Л.Л. Кондратьева, Л.М. Кухарчук, Г.Н. Ников, А.В. Мудрик, В.Ф. Сафин, А.А. Филипов және т.б. Бұл жерде тұлғаның өзіндік анықтауы әлеуметтенудің белгілі бір түрімен байланысты, тұлғаның өзінің ерекшеліктерін ұғынуға детерминацияланған.

ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: БАСТАУЫНАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ДЕЙІН

Өзіндік анықтаудың мәні әлеуметтенудің дербес актісі ретінде көрінеді. В.Ф. Сафин және Г.Н. Ников индивидтегі мағыналы мақсат пен өмірдің мағынасының қалыптасуын да қарастырады, өзінің тілектеріне, сапалары мен қасиеттерінің қатысуындағы сәйкестіліктің негізінде дербес өмірлік іс-әрекетке дайындығы, сонымен қатар қоғам мен қоршаған орта тарапынан оған қойылатын талаптардың мүмкіндігін саралайды. Осыған байланысты, өзіндік анықталу тұлға талаптарының кең аумағын қамтиды, әртүрлі компоненттерін және қалыптасуын қамтиды. Бұл талаптар жекелеп алғанда өзіндік анықталушы тұлғаның түсініктерінде нақтыланады [8].

Психологиялық жағдайда өзіндік анықталушы тұлға – бұл қоғамдық және жеке қажеттіліктер мен мүмкіндіктерді есепке ала отырып өмірлік мақсатты дербес қоюға мүмкіндік беруі мүмкін, оларды шешу және өзінің іс-әрекетіне, қылықтарына, жүріс-тұрыстарына жауапкершілікте өз-өзін бағалаушы, өз-өзін реттеуші субъект. Сонда өзінің не қалайтынын, оның бар екені, ол не істей алады және одан не талап ететінін ұғынатын субъект. Нормативті жағдайда «өзіндік анықтаушы тұлға - әлеуметтік пісіп-жетілген, тұрақты, өзінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруда және адекватты шешуге қабілетті болып табылады» деп қарастырады.

Әлеуметтену, кең таралған анықтамаларға сәйкес, - индивид өмірі барысында әлеуметтік рөлді, нормаларды және өзі жататын сол қоғамның құндылықтарын жинау.

Тұлғаның өзіндік анықтауы – жинақталған адамзаттық тәжірибені меңгеру болып табылады. Соның негізінде «Меннің» жоспарында еліктеу және идентификация өтеді. Сөйтіп индивидте өзіне тән қайталанбайтын қасиеттер қалыптасып, персонификация процесі өтеді. Еліктеуден кейінгі идентификация және конформдылық тұлғаның персонификациясын шарттандыратын жетекші бастау болып табылады. Әлеуметтік тәжірибенің жинақталуы бойынша персонификация жетекші рөл атқарады.

Әлеуметтенудің мазмұнын қарастырғанда әлеуметтік және мәдени «ізімдерден» тұлғаға не ұсынылатынын анықтау маңызды мәнге ие, әлемнің қандай бейнесі, бағдарлар, стереотиптер, әлеуметтену процесінде индивидте қандай құндылықтар қалыптасады.

Психологияда тұлғаның кемелденуінің басқа да түсініктерін кездестіруге болады. Мысалы, П.Я. Гальперин әлеуметтік кемелденудің критерийі сипатында тұлғаның өзінің қылықтарына жауапкершілікті атап көрсетеді, ал А.Г. Асмолов – еркін тұлғалық таңдаудың субъектімен жүзеге асуын анықтайды. Әлеуметтік кемелденуге жүргізілген зерттеулердің нәтижесі үш аспектісін ажыратып көрсетеді, оларды шартты түрде былай атауға болады: нормативті (қоғамның тұлғаға қоятын талаптарының жиынтығы), реалды (қоршаған адамдар мен қоғамның өмірге әкелетін және енгізетін материалды, рухани байлықтары) және психологиялық (жанды) тұлғаның мүмкіндіктері мен қоршаған ортаның талаптарына сәйкестілікті ұғынуды түсіну.

Сонымен, өзіндік анықтау дегеніміз - әлеуметтендірудің тәуелсіз сатысы. Оның мәні мынада: индивид бойында өз мақсаты мен өмірлік мағынаны ұғынуды қалыптастыру, өз тілектері, мүмкіндіктері, талаптарымен байланысты тәуелсіз өмірлік іс-әрекетке, қоғам және қоршаған ортаның қойған талаптарына лайық болу деген сөз.

Әдебиеттер

- 1 Андреева Г.М. Социальная психология: Учебник для высших учебных заведений. – М.: Аспект Пресс, 1999. – 376 с.
- 2 Шибугани Т. Социальная психология /Пер. с англ. В.Б. Ольшанского. -Ростов н/Д.: изд-во "Феникс", 1998. – 544 с.
- 3 Парыгин Б.Д. Основы социально-психологической теории. – М., 1971. – 240 с.
- 4 Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. - Алматы, 2004. - С. 218-221.